

СТ 16

Ceresit



СӘНДІК СЫЛАҚТАРҒА АРНАЛҒАН АСТАР

Негіздерді минерал, акрил, силикон және силикат-силикон сәндік сылақтарды жағуға дайындауға арналған су-дисперсиялық астар

ҚАСИЕТТЕРІ

- суға төзімді
- жабын түсіне қарай боялу мүмкін;
- негіздің негізге жабысқақтығын арттырады;
- сәндік сылақтардың жағылуын жеңілдетеді;
- негіздің сіңіргіш қабілетін төмендетеді;
- сәндік сылақ жабын арқылы негіздің түсінің жарықтан өтуін болдырмайды;
- бу өткізбейді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- құрамында еріткіштер жоқ;
- қолдануға дайын;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 16 астары ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде негіздерді минерал, акрил, силикон және силикат-силикон сәндік сылақтарды, сондай-ақ акрил және силикон бояуларды қабырғаларға жағу алдында өңдеуге арналған.

СТ 16 астары Ceresit WM және VWS (Минералмақта және Көбікполистирол) қасбеттерді сыртқы жылу оқшаулау жүйелерін құрастырған кезде бетонды, цемент-құм, гипс және цемент-эк сылақтарын, гипс-қатырма және ағаш-жаңқа тақталарды, берік лак-бояу жабындарды, сондай-ақ арматураланған қорғау қабатын өңдеу үшін қолданылады.

СТ 16 құрамында астарланған бетті кедір-бұдыр қылатын ұсақ кварц құмы бар, оның арқасында астар сәндік жабындардың негізге жабысқақтығын айтарлықтай арттырады.

Астар ақ түсте шығарылады. Қажет болған кезде ол колерлену мүмкін, оның ішінде өндірушінің түстер картасына сәйкес.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.03.13-88 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға, құрғақ болуға және оның көтергіш қабілеті жеткілікті болуға тиіс.

Негізді шаңсыздандыру және ластанулардан және астардың жабысқақтығын төмендететін заттардан (майлардан, жағармайлардан, битумнан, желімнен, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту қажет. Негіздің берік емес учаскелерін, осал беттік қабатты, цемент сүтін механикалық жолмен жою қажет.



Саңырауқұлақпен, балдырлармен немесе мүкпен зақымдалған бет учаскелерін металл шөткелермен тазартып СТ 99 фунгицидтік құралымен өңдеу керек.

Жарықтар мен тегіс емес жерлерді СТ 29 жөндеу сылағымен астарды салғанға дейін кем дегенде 2 тәулік қалғанда толтыру керек.

Қатты сіңіргіш және ылғалға сезімтал негіздер (гипс сылақтары, гипс-қатырма, ағаш-жаңқа тақталар) алдын ала СТ 17 астарымен өңдеп 4-6 сағат ішінде кептіру керек.

Терезелерді, есіктерді және астарлауға жатпайтын өзге конструктивтік элементтерді ластанудан сақтандыруға арналған сырлау скотчпен жабу қажет.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қолдану алдында астарды араластыру керек.

СТ 16 астарын негізге бір өтіп, біркелкі қабатпен, қылқалам көмегімен жағады.

Назар аударыңыз! Астарды сумен сұйылтуға және білікшемен жағуға болмайды! Астармен жұмыс істеген кезде тек тот баспайтын құрал-саймандарды пайдалану керек!

Астар ~ 4 сағат ішінде кебеді (температуралық-ылғалдылық жағдайларға байланысты), содан кейін әрі қарай жұмыстарды орындауға болады. Астарланған бет металл үккіштің қырымен сызуға төзімді болуға тиіс.

Астардың жаңа қалдықтары құрал-саймандардан сумен жуылады. Кепкен астарды тек еріткіштермен немесе механикалық тәсілмен ғана кетіруге болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек

. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда астардың кебу уақытының өзгеруі мүмкін.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, астармен жұмыс істегенде құрылыс жұмыстарды орындау бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Ceresit WM және VWS (Минералмақта және Көбікполистирол) ғимараттардың қасбеттерін жылу оқшаулау жүйелерін жобалауды және монтаждауды СТО 58239148-001- 2006 ұйым стандартына сәйкес орындау керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Салқын және құрғақ жерде, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

Мұздап қатудан сақтандырыңыз!

ҚАПТАМА

СТ 16 астары 10 литрлік пластик шелектерде жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 16 құрамы:	пигменттер және минерал толтырғыштар бар акрил сополимерлердің су дисперсиясы
Сыртқы түрі:	біртекті қою сұйықтық
Тығыздығы:	~ 1,5 кг/дм ³
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Кебу уақыты:	~ 4 сағат
Өңделген беттің су сіңіргіштігі:	≤ 0,5 кг/м ² сағ ^{1/2}
СТ 16 шығыны:	0,2 - 0,5 л/м ² (негіздің сіңіру қабілеттілігіне байланысты)